

Такенова Г.Е., Кентбаева Б.А., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ШАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНДАҒЫ ТАУ ТЕКЕНІҢ САН МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Андатпа

Мақалада Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағындағы тау текенің сан мөлшері және оларға әсер ететін факторлар қарастырылған.

Кілт сөздер: Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағы, тау теке, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, әсер ететін факторлар.

Кіріспе

Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ҚР Үкіметінің 23 ақпан 2004 жылғы № 213 бұйрығымен 93150 га жерге Алматы облысында экологиялық, тарихи-ғылыми, эстетикалық табиғат байлығын қалпына келтіру және сақтау мақсатымен ұйымдастырылған. ҚР Үкіметінің 6 ақпан 2009 жылғы 121 бұйрығымен парк аумағы кеңейтіліп, мемлекеттік жер қорынан 32 900га жер қосылды, қазір жалпы аумақ 127050 га. Шарын МҰТП 32 түрлі сүтқоректі, бауырымен жорғалаушылардың 18 түрі, қосмекенділердің 4 түрі және 100-ден аса құс түрі мекендейді. Жалпы ұлттық парк аумағы флора мен фаунаға өте бай – 1000-ға тарта жоғарғы сатыдағы өсімдіктер, омыртқалы жануарлардың 194 түрі тіршілік етеді, олардың 27 түрі Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енген, ал өсімдіктердің 50-ден аса түрі сирек кездесетін және эндемикалық түр деп есептеледі.

2014 жылдың 9 айлық көрсеткіші бойынша 252 рейд жүргізіліп, 15 заң бұзушылық тіркелді. Оларға әкімшілік заң бұзушылық туралы хаттама толтырылды. Мемлекеттік инспекторлардың 4 қызметтік кордондарға және бақылау өткізу пунктіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жаз айларында су тапшылығы салдарынан ҚР қызыл кітабына енген Қарақұйрықтар парк аумағынан тыс жерлерге ауып кетеді. Осыған байланысты Темірлік аймағына бұрынғы ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланылған тозығы жеткен құбырларды жаңарту жұмыстары жүргізіліп, 3 шақырым жерге су тартылып, жабайы жануарларға суаттар жасалды.

Жылына 2 рет Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті « Зоология институты» мамандарымен, Алматы облыстық аумақтық инспекциясымен бірлесте, парк аумағына жабайы жануарлар мен құстардың есебі жүргізіледі. Биылғы жылдың есебі бойынша: Сібір тау теке – 440 бас, елік – 52 бас, жабайы шошқа – 81бас, жамансары - 24, кекілік- 1512. ҚР Қызыл кітабындағы енгендер Қарақұйрық- 138 бас, бүркіт- 18, ителгі - 20, тазқара – 17. Бұл көрсеткіш өткен жылдардағы есеппен салыстырғанда бір шама өскенін көрсетеді. Парк аумағында орманды күтіп-баптау және санитарлық мақсатта ағаш кесу жүргізілмейді.

Көгалдандыру және көшеттермен қамтамасыз ету үшін, 2014 жылдың наурыз айында парк тұқымбағында 3 га жер тазаланып және арнайы тыңайтқыштар себіліп, декоративтік ағаш-бұталы өсімдіктер өсірілуде. Атап айтсақ бозарша, терек, тал, жанғақ, ақ қайың, шырша, қарағай, алма, өрік. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың заңнамасына сәйкес, ұлттық табиғи парктерде тек қана табиғатты қорғау ғана емес, ғылыми жұмыстар және оны ұйымдастыру негізгі міндеттерінің бірі.

Таутеке (лат. *Capra sibirica*) – қуысмүйізділер тұқымдасына жататын жұптұяқты жануар. Қуысмүйізділер - сүтқоректілер класы жұптұяқтылар отрядының күйіс қайыратындар тобының бір тұқымдасы. Таутекелер Гиндукуш тауы мен Бадхызда, Гиссар мен Дарбаза, Памир-Алтай жоталарында, Саян мен Моңғолияның таулы аймақтарында тараған. Қазақстанда Тянь-Шань, Жетісу (Жоңғар) Алатауы мен Оңтүстік Алтайда күз жартастар арасында мекендейді. Табиғатта кең тараған, Австралия мен Антарктидада ғана кездеспейді. Мекендейтін жерлері - шөл-шөлейтті дала аймақтары мен тау өңірлері. Кейбіреуі үй жануарлары ретінде қолға да үйретілген. 43 туысы, 125-тей түрі бар. Қазақстанда 5 туысқа жататын 5 түрі (қаракұйрық, ақбөкен, таутеке, арқар және үстірт арқары) мекендейді.

Текелерінің дене тұрқы 140 – 167 см, салмағы 59 – 82 кг болса, ешкілері кішірек. Түсі сұрғылт, біркелкі. Қысқа қарай ірі текелерінің жотасы мен мойнында, қапталында ақ түсті жолақ пайда болады. Текесінің семсер тәрізді, көлденең бунақты, ұзындығы 140 см-дей мүйізі болады, ешкісінің мүйізі 40 см-дей. Текесінде ұзын сақал бар. Топтанып жүреді. Маусым сайын таудың басынан етегіне, етегінен басына дейін ауысып, қоныс аударып отырады. Шөптесін өсімдіктермен, ағаш өркенімен қоректенеді, су ішіп, қар жалап, шөлін қандырады. Организмінде минералды заттар жетіспесе, тұзды топырақ пен ащы сорды жалайды. Қазан – қарашада күйекке түседі, 6 ай буаз болып, сәуір – маусымда жалқы, кейде егіз лақ табады. Жаңа туған лактарының салмағы 2,5-3 кг болады. 10 күннен кейін төлдері көк шөптің басын шалса, 1,5 айда ересектерімен бірге жайыла бастайды. Табиғатта таутекелер 13-14 жылдай тіршілік етеді. Текелерінде (кейбір түрлерінің ешкілерінде де) маңдай сүйегінің жалғасы болып табылатын, тармақталмаған іші қуыс жұп мүйіздері болады. Мүйіз капшығы өмір бойына өзгермейді. Оның пішіні, тері жамылғысының түсі әр алуан. Негізгі қорегі - шөптесін өсімдіктер. Көпшілік түрі топ-танып жүреді, ал кейбіреулері үйір (антилопалар) құрады. Қуысмүйізділердің шаруашылық үшін маңызы зор. Олардан бағалы шикізаттар (дәрі-дәрмек, шипалық ет, мүйіз, тері) алынады. Кейбіреулері (ақбөкен, таутеке) кәсіптік, аңшылық жолмен ауланады. Қуысмүйізділердің саны жылдан жылға азаюда, кейбір түрлері тек ұлттық саябақтарда ғана сақталып қалған. Халықаралық табиғат қорғау одағының "Қызыл кітабына" 26 түрі, 21 түр тармағы, ал Қазақстанның "Қызыл кітабына" 7 түрі енгізілген. 1995–2006 жылдар аралығында “Алтынемел” ұлттық табиғи саябағында таутекенің 3500 – 4000 басы тіршілік еткені белгілі. Таутекелердің негізгі жауы – барыс, сілеусін, қасқыр. Таутекелерді еті, терісі үшін аулайды, мүйізінен әсемдік бұйымдар жасайды. Тау шатқалдарында жиі кездесетін бұл аңның құрметіне Алматы облысындағы үлкен елді мекен Текелі деп аталады.

Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағындағы тау текенің сан мөлшері жылда есепке алынады. Қазақстандағы сібір тау ешкісі санының көп жылдық динамикасын талдау (мемлекеттік есеп материалдары бойынша) 1999 жылға дейін оның біртіндеп төмендеуі жүрді, ол тұтас себептер кешенімен шартталған – браконьерлік, пайдалы жер сыйымдылығы, биоценодикалық байланыстар және өзара әрекеттесулерді орнату. Көпжылдық (13 жыл үшін – 1999-дан 2010 жж. бойынша қоса) ешкі сандарының өзгерістерінде санның «маятникті» тербелістерімен қатынаста өзіндік циклділік байқалады. Және де 1999 ж. оның саны республикада өзінің минимумына жетті (10582 бас), сонан соң оның біртіндеп өсуі басталды және 2008 жылы ол өзінің максимумына жетті (25207 бас). 2010 жылы текенің бас саны Қазақстанда 619354 түрді құрады. Орташа көпжылдық мәліметтер бойынша және аңшылық мақсатында жылма-жылдық аулаудан кейін Қазақстандағы елік популяциясының нағыз жылдық өсімі орташа 10,0% құрды.

Егер облыстар бойынша жағдайды салыстырса, онда Қазақстан бойынша теке тек таулы аумақтарда таралғанын көреміз. Оның ең көп саны Алматы облысында, ал ең азы - Шығыс Қазақстан облысында байқалады. Сан көрсеткіштерін талдау соңғы жылдардағы республика аймағындағы оның динамикасы ұқсас өзгерістер үрдісіне ие және тұтастай Қазақстан бойынша сәйкес келеді.

Небір табан тұрмас тайғанақ құздарда тастан тасқа 3-3,5 м. биіктен емін-еркін секіреді. Өздері өте ақылды және сақ келеді. Үйірімен 35-40 басқа шейін жайылғанда біреуі биік тастың басында күзетте тұрады, қауіп төнгенде аяғын тасқа ұрып, шақылдатып, «қашыңдар» деп белгі береді. Таудың биік жартасты аса қиын жерлерін мекендейді. Қарлы шыңдардың патшасы Қар барысының негізгі жемтігі. Қар барысы Тауешкілердің күзетшісі іспетті, оларды бағып жүреді. Жыртқыштың тырнағына тек қартайғандары, аурулары не жас лақтары ғана ілігеді. Тұтқиылдан баспаса, бұл жануардың жылдамдығына шаң да ілеспейді. Күз айларында еркектері «ұрпақ жалғастыру мәртебесіне» ие болу үшін қызыл қанға боялғанша мүйіздеседі. Әдетте ең мықты, дені сауы ғана бұл мәртебеге қол жеткізіп, бір үйір «гаремге» ие болады. Осы табиғи сұрыптау арқылы олар өздерін сақтап, ұрпақ қалдырады. Көкек, мамыр айларында лақтайды. Әдетте бір не екі лақ туады. Лақтары сүтпен де, шөппен де қоректеніп, бір айдан соң анасымен жайылымға шығады. Таутеке жаз айларында Альпі, Субальпі белдеулеріндегі шағын жайылымдарда таңертең, кешке жайылады. Күндіз ыстықтан қорғанып, жартастардың астына жасырынады. Қыс айларында таудағы қалың қарға омбылап, тамақ табуы қиындаған кезде бөктерге түседі. Әр алуан шөптесін өсімдіктердің бүршіктерімен, жапырақтарымен қоректенеді. Таутекенің еті адал, жеуге болады, ал терісінен тон тігеді. Мүйізін қолға түсіргендер сәндікке қабырғаға іліп қояды. Сондықтан да болар, саны жылдан-жылға азаюда. Қазір Алматы қаласымен іргелес жатқан Іле Алатауында табиғи ортаның ресурстарын қорғап, байыту мақсатында Алматы қорығынан басқа екі ерекше қорғалатын аймақ құрылған. Олар – Медеу табиғи саябағы және Іле Алатауы Ұлттық табиғи саябағы. Бұл табиғи кешендерде таутекені аулауға тыйым салынған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының кешенді тақырыптық жоспары орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бекітілген, ғылыми жұмыстың бағдарламасы жоспарға сәйкес жасалады. Ұлттық парктің 10 жылдығына арнап 2013 жылы «Труды Чарынского государственного национального природного парка» жануарлар дүниесінің қазіргі жағдайын зерттеудегі ғылыми нәтижелер келтірілген 1-ші ғылыми жинақ-кітап жарық көрді. Бұл еңбекте жарияланған ғылыми мақалаларда омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың, су жәндіктерінің, әр түрлі паразитарлық ауруларға қатысты нақты деректер келтірілген. Атап айтқанда, Парк аумағында кездесетін құстардың 246 түрінің (оның ішінде 159 түрі аумақ арқылы ұшып өтетін) тізімі мен сандық құрамдары және толық биологиялық-экологиялық сипаттамалары берілген. Сонымен қатар, осы құстардың ішінде табиғи жағдайда өсіп-өнетін көптеген зиянды қансорғыш қосқанаттыларды қорек ретінде пайдалатындығы көрсетілген. Жалпы, табиғатты қорғауда тіршілік көзі болып табылатын өзендер мен басқада сулы жерлердің ерекше маңызы бар. Осы тұрғыдан алғанда, Шарын және аймақтағы басқада өзендердегі гидрофаунаның экологиялық жағдайына арналған ғылыми мақаланың маңыздылығы өте жоғары. Табиғат пен адамдар тіршілігіне тікелей қатысы бар Ұлттық парктің аумағында кездесетін түрлі жұқпалы және паразитарлық ауруларды тарататын қансорғыштардың түрлері мен таралуын анықтауға арналған ғылыми деректердің маңызы өте жоғары екендігін атап өткен жөн.

Әдебиеттер

1. Шарын МҰТП-ның 10 жылдығына арналған «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің және шектес аумақтардағы биоәртүрліліктің қазіргі жағдайы»

2. Красная книга Казахстана. Позвоночные животные.-Алматы, 2010. -327 с.

Такенова Г.Е., Кентбаева Б.А., Байбатшанов М.К.

ШАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНДАҒЫ ТАУ ТЕКЕНІҢ САН МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Мақалада Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағындағы тау текенің сан мөлшері және оларға әсер ететін факторлар қарастырылған.

Ключевые слова: Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи бағы, тау теке, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, әсер ететін факторлар.

Takenova G.E., Kentbaeva B.A., Baybatshanov M.K.

BIOLOGICAL DIVERSITY OF MAMMAL FAUNA WITHIN STATE PROTECTION INSTITUTIONS MOYINKUM FOREST AND WILDLIFE

The article discusses the biological diversity of mammalian fauna in the territory of a state institution for the protection of forests and Moyinkum wildlife

Keywords: biological diversity, mammals, birds, red book.

ӘОЖ 639.1

Талапхан К., Кентбаев Е.Ж., Байбатшанов М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАР МЕН ҚҰСТАР САНЫ

Андатпа

Мақалада Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесі аумағында мекендейтін сүтқоректілердің санының өсу динамикасы қарастырылған.

Кілт сөздер: Көлсай көлі, Тянь-шань тау бөктері, жануарлар дүниесі, сүтқоректілер, марал.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының биотүрлілігін сақтауда, өзінің аумағының кеңдігімен дүниежүзінде тоғызыншы және көршілес Орта-Азия мемлекеттерінің төртеуінен көлемділігімен басым болуы, экологиялық жүйесі және биологиялық түрлерінің түрлілігімен ғаламдық деңгейде ерекше орын алады. «Көлсай көлдері» ұлттық парк аумағында теңіз деңгейінен 1800-3500 метрдей биіктікте орналасқан, жануарлар мен өсімдік әлеміне бай, сонымен қатар, сирек және жоғалып бара жатқан өсімдік пен жануарлар түрлері кездеседі. Табиғи ортаның жабайы күйі, адамдардың қол тимеген жекелеген бөліктері де сақталған. Көне мәдениеттік мұраның орындары бар [1].

Ұлттық парктің жері, табиғи – ауа райы жағдайынан таулық ландшафт тобына жатады. Әкімшілік қатынаста ұлттық парк аумағы Райымбек ауданының батыс бөлігінде және Алматы облысы Талғар ауданының шығыс аумағы кіреді. Ұлттық парк